

Қызылсу орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өтілген күні: 14.03.2024ж

Қызылсу орта мектебі

Қатысқандар:

1. Биржанов Қ.С. - қамқоршылық кеңестің төрағасы
2. Темирова Ж.К. - қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары
3. Ермагамбетов Ж. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
4. Боранбаева Г.Х. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
5. Коңырова С. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
6. Алпысбаев Қ.Р. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
7. Купжасаров Р.Е. - қамқоршылық кеңестің мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері
2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру .
3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Тыңдалды: 1-мәселе .Мектептің материалдық-техникалық базасын жаңартуды қамтамасыз ету мәселесі бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.С.Биржанов сөз алып: Мектептің материалдық-техникалық базасы жыл өткен сайын ескіріп, тозатындығын тілге тиек ете келе мектепке күрделі жөндеу қажет екенін айтты .Мектебімізде жылма - жыл дәстүрге айналған «Туған жерге тағзым» акциясы биылғы жылы да жалғасын тауып, мектеп түлектеріне хат жолдау, түлектерді тарту жұмыстарын күшейтуге атсалысатындықтарын айтып өтті..

Тыңдалды: 2 мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.М.Биржанова сөз алып, Наурыз мерекесін кең көлемде ұйымдастырып өткізу үшін жоспарланған іс-шараларға тоқталды.. «Тайқазан» атты ұлттық тағамдар фестивалі көрмелер ұйымдастыру және «Ұлттық ойын-ұлт игілігі» атты ұлттық ойындар, «Игі істер» күнін өткізу т.б. көптеген іс-шараларды атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер қарастырылғаннан кейін кеңес мүшесі Ж.Темирова сөз алып: Мерекенің керемет өтілуі үшін қамқоршылық кеңес мүшелері барлығымыз бірге шешуге белсенді түрде ат салысамыз, көмек береміз деп өз сөзін түйіндеді


Тыңдалды: 3 мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Н.Дихамбаева сөз алды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №650 бұйрығына 6-қосымша негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша биылғы оқу жылында мектебімізде ыстық тамақпен 2 оқушы тамақтану керек еді алайда ата -аналарының қолхаты негізінде балалары тамақтанудан бас тартты . мектепте бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылды. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық, мониторингтік комиссия жұмыс жасайды, айына бір рет тексеріс





жасайды . Асханада мектеп мұғалімдері мен әкімшілік кезекшілік кестесі бекітіліп, сол бойынша кезекшілік атқарылатындығын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

Шешімі:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту ,мектепке күрделі жөндеу мәселелерін шешу, хат жолдау кеңес мүшелеріне міндеттелінсін.
2. Мектепте Наурыз мерекесінің сапалы өткізілуі үшін жұмыстар күшейтілсін.
3. Оқушылардың ыстық тамақпен толық қамтамасыз етілуі қадағалансын.

Төраға:  Биржанов Қ.С .-қамқоршылық кеңестің төрағасы
Хатшы:  Утеуова А.Ш

- 2.Темирова Ж.К -қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары 
- 3.Ермағамбетов Ж. -қамқоршылық кеңестің мүшесі 
- 4.Боранбаева Г.Х -қамқоршылық кеңестің мүшесі 
- 5.Қоңырова С -қамқоршылық кеңестің мүшесі 
6. Алпысбаев Қ.Р - қамқоршылық кеңестің мүшесі 
- 7.Купжасаров Р.Е - қамқоршылық кеңестің мүшесі 